

"Гидротехникалық мелиорация" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 14 наурыздағы № 46-НҚ бұйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Гидротехникалық мелиорация" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Ғылым және инновация департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Нұржігітов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің
2025 жылғы 14 наурыздағы
№ 46-НҚ бұйрығына
қосымша

"Гидротехникалық мелиорация" Кәсіптік стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы:

"Гидротехникалық мелиорация" кәсіптік стандарты "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген және білім беру бағдарламаларын қалыптастыру, оның ішінде суару (құрғату) жүйесінің шаруашылық каналдары мен гидромелиорациялық құрылысжайларына күтіп ұстау, гидромелиорациялық құрылысжайларда реттеу жұмыстарын жүргізу бойынша кәсіпорындарда қызметкерлерді оқыту және білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен түлектерінің кәсіптік біліктілігін растау үшін, гидромелиорациялық жүйелерде құрылыс-жөндеу және пайдалану жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру және басқару дағдыларын меңгерген кадрларды іріктеу сапасын басқару және ұйымдар мен кәсіпорындарда қызметкерлерді басқару саласындағы әртүрлі кең ауқымды мәселелерді шешу үшін талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;
- 2) гидромелиорациялық жүйе – жерді суаруға, суландыруға және құрғатуға арналған технологиялық жағынан өзара байланысты гидротехникалық құрылысжайлар, құрылғылар мен жабдықтар кешені;
- 3) гидромелиорациялық кондоминиумге қатысушылар – ортақ үлестік меншік құқығындағы гидромелиорациялық кондоминиумнің құрамына кіретін бір гидромелиорациялық жүйемен немесе оның элементтерімен суарылатын жеке меншік немесе уақытша өтеулі пайдалану құқығында жер учаскесі бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар;
- 4) гидромелиорациялық іс-шаралар – гидромелиорациялық жүйелер, сондай-ақ жеке орналасқан гидротехникалық құрылысжайлар көмегімен топырақтың су режимін реттеу;
- 5) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;
- 6) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;
- 7) мелиорацияланған жерлер – мелиорациялық (агроорман-мелиорациялық, агротехникалық, гидромелиорациялық, химиялық) іс-шаралар жүргізілген жерлер.

3. Осы Кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- 1) ГТҚ – гидротехникалық құрылысжай;
- 2) БӨА – бақылау-өлшеу аппаратурасы;
- 3) АДЖ – ақпараттық-диагностикалық жүйе;
- 4) ТОҚ – техникалық оқу құралдары;
- 5) ОКБ – орта кәсіптік білім;

6) ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;

7) ҚКБ – қосымша кәсіптік бағдарламалар;

8) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

9) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

2-тарау. Кәсіптік стандарттың төлқұжаты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: "Гидротехникалық мелиорация".

5. Кәсіптік стандарттың коды:

6. ЭҚЖЖ бойынша секцияны, бөлімді, топты, класты және класс тармағын көрсету:

А. Ауыл, орман және балық шаруашылығы.

01. Өсімдік және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету.

01.6. Өсімдік шаруашылығын және мал шаруашылығын және өсімдік шаруашылығын қайта өңдеуді ынталандыратын қызмет.

01.61 Өсімдік шаруашылығын дамытуға ықпал ететін қызмет.

01.61.2 Суару жүйелерін пайдалану.

Е. Сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және кәдеге жарату, ластануды бақылау.

36 Суды жинау, тазарту және бөлу.

36.0 Суды жинау, тазарту және бөлу.

36.00 Суды жинау, тазарту және бөлу.

36.00.0 Суды жинау, тазарту және бөлу.

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Гидротехникалық мелиорация" кәсіптік стандарты жерді суландыру, құрғату, су эрозиясымен күресу, кезінде гидромелиорациялық жұмыстарды ұйымдастыру, гидромелиорация, гидромелиорациялық жүйелер нысандарын жобалау, салу техникалық қызмет көрсету, пайдалану және қалпына келтіру, гидромелиорациялық құрылысжайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шаруашылықаралық каналдар мен гидромелиорациялық құрылысжайларды жөндеу және қалпына келтіру, саладағы оқу және ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатын мамандардың құзыреттері мен кәсіби дағдыларына қойылатын талаптарды айқындайды.

8. Кәсіптер карталарының тізбесі:

1) Гидротехникалық құрылысжайларды тексеруші	2 деңгейлі СБШ
2) Техник-мелиоратор	4 деңгейлі СБШ
3) Техник-мелиоратор	5 деңгейлі СБШ
4) Инженер-мелиоратор	6 деңгейлі СБШ
5) Инженер-жобалаушы	6 деңгейлі СБШ
6) Жұмыс өндірісі шебері (прораб)	6 деңгейлі СБШ
7) Су шаруашылығы саласының ғылыми қызметкері	7 деңгейлі СБШ

8) Бас инженер-гидротехник	7 деңгейлі СБШ
9) Кәсіпорын директоры (бастық, басқарушы)	8 деңгейлі СБШ

3-тарау. Кәсіптер карталары

"Гидротехникалық құрылысжайларды тексеруші" кәсібінің картасы		
Код тобы:	8189-0	
Кәсіп атауының коды:	8189-0-050	
Кәсіптің атауы:	Гидротехникалық құрылысжайларды тексеруші	
СБШ біліктілік деңгейі:	2	
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (1-шығарылым) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33389 тіркелген). 83-параграф. Гидротехникалық құрылысжайларды тексеруші, 3-разряд 84-параграф. Гидротехникалық құрылысжайларды тексеруші, 4 разряд.	
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Жалпы орта білім	
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-	
Кәсіптердің басқа мүмкін атаулары:	7126-9-008 - Су қоймалары мен су қоймаларының бақылаушы 7126-9-009 - Магистралдық каналдар мен құбырлардың бақылаушы-инспекторы (су бақылаушысы) 7126-9-010 - Суару каналының бақылаушысы 9312-2-005 - Гидротехникалық құрылысжайлардың аралаушысы	
Қызметтің негізгі мақсаты:	Гидромелиорациялық жүйелердің пайдалану сенімділігін төмендететін ақаулар мен қолайсыз процестерді анықтау және алдын алу мақсатында гидротехникалық құрылысжайлардың жай-күйіне бақылау жүргізу.	
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Каналдардың, бөгендердің, бөгеттердің және өзге де осыған ұқсас гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпті жерлерін қарау. 2. Гидротехникалық құрылысжайлардың және олардың жабдықтарын визуалды қарау.
	Қосымша жұмыс функциялары:	Жерасты суларының еңістерде сыналануын, көшкін құбылыстарының пайда болуы, жағалауды бекітетін екпелердің жай-күйін қадағалау.
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
		Машық: 3-разряд 1. Су тасқынына қарсы материалдарды және құрылыс материалдарының апаттық қорларын дайындауды жүзеге асыру. 2. Су шаруашылығы мақсатындағы орман екпелерін қорғауды жүргізу.

1-дағды: Участкеде бақылау жүргізу.	3. Жылқыға күтім жасау, велосипедті немесе мотоциклді жарамды күйде ұстауды жүргізу. 4-разряд 1. Кіреберіс каналдардың, ағысты бағыттайтын және қорғайтын бөгендердің, бөгеттердің және өзге де гидротехникалық құрылысжайлар құламаларын және олардың жабдықтарын визуалды тексеріп қарау, олардың шайылу және бұзылу көлемін анықтауды жүргізу. 2. Суару желілері мен құрылысжайларға техникалық тексеруге қатысу. 3. Суармалы судың пайдаланылуын бақылауды орындау. 4. Су пайдаланушы шаруашылықтарға су бөлу және беруді жүзеге асыру. Білімі: 3-разряд 1. Бақылау жүргізуге қажетті құралдар мен жабдықтардың тізімі. 2. Құрылысжайлар желісі мен орман екпелерінің жағдайы. 3. Суару желілері бар қызмет көрсетілетін суармалы жер учаскесі. 4. Каналдардың орналасу жоспары және ұзындығы. 5. Гидротехникалық құрылысжайлар мен гидрометрлік құрылғылардың сандық мөлшері және олардың техникалық сипаттамалары. 6. Жылқыны күту тәртібі. 4-разряд 1. Бағыттаушы желідегі дайындық негіздері. 2. Ауыл шаруашылығы су пайдалану және суару жүйелерін техникалық пайдалану тәртібі. 3. Гидрология бойынша негізгі мәліметтері. 4. Жер гидрокұрылысжайларын бекіту тәсілдері.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Машық: 3-разряд 1. Каналдар, бөгеттер, бөгендер және басқа осыған ұқсас гидротехникалық құрылысжайларды қарау. 2. Құрылысжайларды, негізгі конструктивтік элементтерді және іргелес аумақтарды аралау және тексеруді жүргізу. 3. Гидротехникалық құрылысжайлардың пайдалану сенімділігін төмендететін ақаулар мен қолайсыз процестерді анықтау. 4. Құрылысжайлар бетонының және оның жауапты элементтерінің механикалық, кавитациялық, коррозиялық және химиялық зақымдануын анықтау. 5. Бақылау нәтижелерін құжаттау.

1-еңбек функциясы: Каналдардың, бөгендердің, бөгеттердің және өзге де осыған ұқсас гидротехникалық құрылысжайлардың қауіпті жерлерін қарау.	2-дағды: Гидротехникалық құрылысжайлардың жобаларындағы ақауларды тіркеу.	6. Жұмыстарды орындау кезінде еңбекті қорғау талаптарын сақтау. 7. Орындалатын жұмыстың сипатына қарай жеке қорғаныс құралдарын қолдану. 8. Бастапқы өрт сөндіру құралдарын қолдану. 4-разряд 1. Іргелес орман екпелерінің су тәртібін бұзушыларға анықталған бұзушылықтар бойынша актілер мен схемалық суреттемелер жасауды және актілерді учаскелік гидротехникке беруді орындау. 2. Қызмет көрсетілетін учаскедегі гидрокұрылысжайларды, сондай-ақ авариялық және бөгеуіш қақпаларды, су ағызғыштарды, дюкерлерді ағымдағы және авариялық жөндеу жөніндегі жұмыстарға қатысу. Білімі: 3-разряд 1. Гидротехникалық құрылысжайлардың, өндірістік ғимараттардың жай-күйіне бақылау жүргізу кезеңділігі. 2. Пайдалану кезеңіндегі құрылысжайларды көзбен шолып бақылау құрамы. 3. Табиғи құбылыстар мен апат алдындағы жағдайларда ГТҚ-ға бақылау жүргізуге қойылатын талаптар. 4. Бақылау жүргізу кезіндегі технологиялық карталар мен маршруттар схемалары. 5. Дала журналдарын жүргізу қағидалары. 6. Бақылау жүргізу бойынша нұсқаулық құжаттар мен әдістемелік ұсынымдар. 7. Гидротехникалық құрылысжайларды аралаушылардың еңбегін қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптары. 8. Шектеу және тыйым салу белгілерінің орналасқан жері. 9. Авариялық жағдайлар туындаған кездегі іс-қимыл тәртібі. 10. Суару және коллекторлық-дренаждық желі арналарын, гидротехникалық құрылысжайларды пайдаланудың негізгі қағидалары. 11. Суару желісі бар жердің қызмет көрсетілетін суармалы алаңы және оны ауыл шаруашылығында пайдалану. 4-разряд 1. Негізгі гидротехникалық құрылысжайлардың құрылысы мен мақсаты. 2. Еңістерге, бөгендерге және өзге де құрылысжайларға ағымдағы жөндеу жүргізу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібі. Машық: 1. Бақылау журналын жасау.
---	---	---

	3-дағды: Бақылау нәтижелерін қорытындылау және есеп беру	2. Бақылау нәтижелерін жүйелеу үшін нұсқаулықты қолдану. 3. Бақылау нәтижелерін рәсімдеу және қорытындылау. Білімі: 1. ГТҚ сүзу және температуралық режимі, олардың жобалық мәндерін. 2. Бақыланатын диагностикалық көрсеткіштердің өлшемшарттың мәндері (ГТҚ қауіпсіздік өлшемшарттары) және олардың мақсаты. 3. Далалық журналдарды жүргізу және визуалды бақылау нәтижелерін өңдеу ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Гидротехникалық құрылысжайларды және олардың жабдықтарын визуалды қарау.	1-дағды: Визуалды тексеру жүргізуге дайындық.	Машық: 1. Жабдықтардың, аспаптардың және басқа да өлшеу аппаратураларының, сондай-ақ жеке қорғаныс құралдарының қажетті тізбесін жинақтау. 2. Олардың шайылу және бұзылу көлемін анықтау. 3. Суармалы судың пайдаланылуын бақылау. 4. Суару желілері мен құрылысжайларды техникалық тексеруге қатысу. 5. Қызмет көрсетілетін учаскедегі гидрокұрылысжайларды, сондай-ақ авариялық және бөгейіш қақпаларды, су ағызғыштарды, дюкерлерді ағымдағы және авариялық жөндеу бойынша жұмыстарға қатысу. Білімі: 1. Құрылысжайлар мен өндірістік ғимараттарды аспаптық бақылаулардың құрамы, бақыланатын жұмыс көрсеткіштерінің және ГТҚ жай-күйінің тізбесі. 2. ГТҚ сүзу және температуралық режимі, олардың тәртібі мен нормалары. 3. Зілзала құбылыстар мен апат алдындағы жағдайлар жағдайында ГТҚ байқауларын жүргізуге қойылатын талаптары. 4. Бақылау-өлшеу аппаратурасын (БӨА) орналастыру схемалары. 5. Негізгі гидротехникалық құрылысжайлардың құрылысы мен мақсаты.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машық: 1. ГТҚ - да орнатылған БӨА-ның әртүрлі түрлерінің көрсеткіштерін алу. 2. ГТҚ және басқа құрылыстардың жай-күйін бақылау үшін қолданылатын өлшеу құралдарын пайдалану.

	3. Алынған бақылау деректерін тіркеу үшін АДЖ пайдалану.	
	Білімі:	
2-дағды: Гидротехникалық құрылысжайлар конструкцияларындағы ақауларды өлшеу және есепке алу.	1. Гидротехникалық құрылысжайдың жай-күйін бақылаудың автоматтандырылған жүйелерінің жұмыс қағидаты. 2. Қызмет көрсетілетін өлшеу құралдарының тізбесі, мақсаты және жұмыс қағидаттары. 3. БӨА көрсеткіштерін алу ережелері, тәсілдері мен әдістері. 4. БӨА-ның жұмыс істеу қағидаты мен құрылымы және оны пайдалану мен қызмет көрсету ережелері. 5. Бақылау жүргізу бойынша нұсқаулық және әдістемелік ұсынымдары. 6. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптары. 7. Өлшеу құралдарымен және құрылғылармен жұмыс істеудің қауіпсіздік негіздері. 8. Алғашқы көмек көрсету тәртібі. 9. Суару жүйелерін техникалық пайдалану ережелері. 10. Ауыл шаруашылығы мұқтажы үшін су нысандары мен су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалануға қойылатын талаптары. 11. Жер гидрокұрылысжайларын бекіту тәсілдері. 12. Беткейлерге, бөгендерге және басқа құрылысжайларға ағымдағы жөндеу жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі	-	
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	2	Су құбыры және кәріздік желілерін жөндеуші
"Техник-гидромелиоратор" кәсібінің картасы		
Топ коды:	3142-0	
Кәсіп атауының коды:	3142-0-018	
Кәсіптің атауы:	Техник-гидромелиоратор	
СБШ біліктілік деңгейі:	4	
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-	
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Техникалық және кәсіптік білім	Мамандық: Гидротехникалық мелиорация
		Біліктілік: Техник-гидромелиоратор

Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-	
Кәсіптердің басқа мүмкін атаулары:	3142-0-021 Техник-ирригатор 3142-0-022 Техник-мелиоратор 3115-9-022 Техник-гидротехник	
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Суару жүйесі нысандарының пайдалану көрсеткіштерін қалпына келтіру және қолдау мақсатында техникалық қызмет көрсету, құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізу.	
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Суару (құрғату) жүйесінің шаруашылық арналары мен гидромелиоративтік құрылысжайларын жүзеге асыру. 2. Суару (құрғату) жүйесінде құрылыс және жөндеу жұмыстарын орындау.
	Қосымша жұмыс функциялары:	-
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
1-еңбек функциясы: Суару (құрғату) жүйесінің шаруашылық арналары мен гидромелиоративтік құрылысжайларын жүзеге асыру.	1-дағды: Суару жүйесінің су өткізу құрылысжайларында су тұтыну режиміне сәйкес құрылғыларды орнату және реттеу.	Машық: 1. Су өткізу құрылысжайларының механикалық, гидравликалық және электр құрылғыларын реттеуді жүзеге асыру. 2. Су өткізгіш құрылғыларға қызмет көрсету бойынша техникалық құжаттамаларды пайдалану. 3. Суару (құрғату) жүйесінің нормативтік құжаттарын пайдалану. 4. Суару (құрғату) жүйесінде жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.
		Білімі: 1. Су өткізгіш құрылысжайларындағы реттеуші құрылғылардың түрлері, құрылғылары және жұмыс қағидаттары. 2. Параметрлер және олардың рұқсат етілген реттеу мәндері. 3. Су өткізгіш құрылғыларға қызмет көрсету жөніндегі техникалық құжаттамалары. 4. Суару (құрғату) жүйесінде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасының негіздері.
		Ұсынылмайды
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Машық: 1. Бақылау-өлшеу аспаптары мен аппаратурасын пайдалану. 2. Суды тұтынудың қажетті сипаттамалары мен параметрлерін тіркеу. 3. Алынған нәтижелерді өңдеу және бағалау. 4. Су шаруашылығы саласындағы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау.
	2-дағды:	Білімі:

	Суару (құрғату) жүйесінде су тұтыну (су бұру) режимінің орындалуын бақылау.	1. Қажетті бақылау-өлшеу құралдарының толықтығы. 2. Бақылау-өлшеу аппаратурасының мақсаты, құрылымы және жұмыс істеу қағидаты мен пайдалану ережесі. 3. Суды тұтыну режимдері, оған әсер ететін факторларды ескеру арқылы оның негізделуі. 4. Өлшеу құралдарының алынған көрсеткіштерін өңдеу әдістері мен тәсілдері. 5. Еңбекті қауіпсіз ұйымдастырудың негізгі ережелері және алдын алу шараларының тізімі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Суару (құрғату) жүйесінде құрылыс-және жөндеу жұмыстарын орындау.	1-дағды: Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес құрылыс жұмыстарын жүргізу.	Машық:
		1. Жобалық-сметалық құжаттар мен анықтамалық әдебиеттерді пайдалану. 2. Жұмысшылар бригадасының механикаландыру құралдарын пайдалана отырып орындайтын жұмысын ұйымдастыру және шағын механикаландыру құралдарын пайдалану. 3. Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысшылар тобының құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау. 4. Құрылыс жұмыстары кезінде жұмысшылардың қауіпсіздік шараларын сақтауын қадағалау.
		Білімі:
		1. Құрылыс-монтаж жұмыстарын ұйымдастыру ережелері және құрылыс бойынша анықтамалық материалдары. 2. Еңбек саласындағы қызметті реттейтін құқықтық актілері. 3. Жобалық-сметалық құжаттама жасау ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Суару (дренаж) желісінің зақымдалған учаскелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу.	Машық:
		1. Жөндеу және іске қосу бағдарламаларының күнтізбелік кестелерін жасау. 2. Жөндеу және іске қосу жұмыстары кезінде еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы шаралардың нұсқаулықтарын әзірлеу. 3. Жоспарлау және есеп беру құжаттамасын дайындау бойынша жұмыстарды жүргізу. 4. Жұмысқа машиналар мен механизмдер жиынтығын таңдау. 5. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу кезінде жұмысшылардың қауіпсіздік шараларын сақтауын қадағалау. 6. Техниканы қолдану мен баптау.

		Білімі:	
		1. Қолданылатын жабдықтың техникалық сипаттамасы, конструкциялық ерекшеліктері, мақсаты, жұмыс істеу қағидаттары мен ережелері. 2. Бухгалтерлік есеп пен есеп берудің қолданылатын нысандары және бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу тәртібі. 3. Техниканы пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі негіздері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Техникалық регламенттер тізбесі және ұлттық стандарттар	-		
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы:	
	5	Техник-гидромелиоратор	
	6	Инженер-мелиоратор	
"Техник-гидромелиоратор" кәсібінің картасы			
Топ коды:	3142-0		
Кәсіп атауының коды:	3142-0-018		
Кәсіптің атауы:	Техник-гидромелиоратор		
СБШ біліктілік деңгейі:	5		
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Техникалық және кәсіптік білім	Мамандығы: Гидротехникалық мелиорация	Біліктілігі: Техник - гидромелиоратор
	Білім деңгейі: Орта білімнен кейінгі		
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	3142-0-021 Техник-ирригатор 3142-0-022 Техник-мелиоратор 3115-9-022 Техник-гидротехник		
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Суармалы жерлерде топырақтың су, ауа, жылу және қоректік режимдерін құруға бағытталған гидромелиоративтік жүйелерді дұрыс техникалық пайдалануды және су ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету.		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру және гидромелиоративтік жүйелерге ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау. 2. Гидромелиорациялық жүйелерде су ресурстарын ұтымды пайдалану шараларын жүзеге асыру.	
	Қосымша жұмыс функциялары:	-	

Еңбек функцияларының сипаттамасы		
1-еңбек функциясы: Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыру және гидромелиоративтік жүйелерге ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау.	1-дағды: Гидромелиорациялық жүйелердегі ақауларды тексеру және жүйелендіру.	Машық:
		1. Гидромелиоративтік жүйелерінің жұмысындағы ақаулар мен зақымдарды анықтау үшін қажетті құралдарды қолдану. 2. Ақаулар туралы есептерді дайындау. 3. Жөндеу жұмыстарының жоспарын құру. 4. Қажетті материалдарға, машиналар мен жабдықтарға қажеттілікті анықтау. 5. Су тасқыны кезінде жағдайды бағалау және гидромелиоративтік жедел шешім қабылдау.
		Білімі:
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	1. Гидромелиоративтік жүйелердің конструктивтік ерекшеліктері және олардың техникалық сипаттамалары. 2. Гидромелиоративтік жүйелерді пайдалану қағидалары. 3. Жөндеу және пайдалану жұмыстары үшін қажет материалдар тізімі. 4. Гидромелиоративтік жүйелерді күтіп ұстау бойынша жөндеу жұмыстары кезінде еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі қағидалары.
		Ұсынылмайды
		Машық:
	2-дағды: Гидромелиорациялық жүйелерді пайдалану және жөндеу кезінде технологиялық операциялардың орындалуын қамтамасыз ету.	1. Ашық суару желісін шөгінділерден, өсімдіктерден, көшкіндерден тазартудың орындалуын бақылау. 2. Су тасқынына қарсы бөгендерді үймелеудің орындалуын бақылауды жүргізу. 3. Жөндеу жұмыстарының басқа түрлерінің орындалуын бақылауды жүргізу.
		Білімі:
		1. Арналар, науалар, құрылысжайлар, ғимараттар және басқа құрылыстардың зақымдануын түзету технологиялары. 2. Жер қазғыш жануарлардың жолдарын жою тәсілдері. 3. Су тасқынына қарсы бөгендерді салу тәсілдері. 4. Қысқы кезеңге арналған суару желілері мен құрылысжайларын консервациялау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машық:
		1. Ауыл шаруашылығы дақылдарын суарудың жобалық режимін қамтамасыз ету. 2. Су өлшеу құралдары мен су сапасын бақылау құралдарын қолдану.
		1-дағды:

Еңбек функциясы 2: Гидромелиорациялық жүйелерде су ресурстарын ұтымды пайдалану шараларын жүзеге асыру.	Суару нормалары мен мерзімдерінің сақталуын, суаруға арналған судың сапасын жедел бақылау.	3. Гидромелиорациялық желіден судың жоғалу себептері мен мөлшерін анықтау.	
		Білімі:	
		1. Гидромелиоративтік және құрғату режимдері. 2. Су деңгейлерін, шығыстарын және көлемін анықтау әдістері. 3. Суару және коллекторлық-ағызу суларының сапасына қойылатын талаптары. 4. Су ресурстарын ұтымды пайдалану қағидаттары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
	2-дағды: Суаруды жүргізу және мелиорациялық жағдайды бақылау.	Машық:	
	1. Суару технологиясын және техникалық суару құралдарының жұмысын қамтамасыз ету. 2. Бақылау-өлшеу құралдарын пайдалана отырып, суармалы жерлердің жерасты суларының режимін, су-тұз теңгерімін бақылау. 3. Топырақтың тұздану дәрежесіне, сипатына және динамикасына, топырақтың күрделілігіне, олардың су-физикалық қасиеттері мен құнарлылығының өзгерулеріне бақылау.		
	Білімі:		
	1. Ауылшаруашылық дақылдарын суару тәсілдері және соңғы үлгідегі суару құралдарын қолдана отырып суару технологиялары. 2. Жерасты және жерүсті суларының деңгейін өлшеу әдістері. 3. Суармалы жерлердің су-тұз теңгерімін құру әдістері. 4. Су ресурстарын ұтымды пайдалану қағидаттары.		
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі:	-		
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы:	
	6	Инженер-мелиоратор	
"Инженер-мелиоратор" кәсібінің картасы			
Топ коды:	2132-9		
Кәсіп атауының коды:	2132-9-002		
Кәсіптің атауы:	Инженер-мелиоратор		
СБШ біліктілік деңгейі:	6		
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Жоғары білім	Мамандық: Су шаруашылығы	Біліктілік:

Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-	
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	2132-9-001-Мелиорация және рекультивация инженері	
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Гидромелиорациялық жүйелерді тиімді пайдалану мақсатында, су ресурстарын тиімді пайдалану және табиғи ортаны қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Гидромелиорациялық жүйелерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы алқаптарын суару (құрғату) бойынша жұмыстарды жүргізу. 2. Су ресурстарын тиімді пайдалану және жердің мелиорациялық жағдайын бағалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. 3. Гидромелиорациялық жүйелердің сақталуын қамтамасыз ету және табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу.
	Қосымша жұмыс функциялары:	-
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
	1-дағды: Суару немесе дренаждық режимді әзірлеу және енгізу.	Машық: 1. Компьютерде бағдарламалық-іздеу қызметтерін пайдалана отырып, ақпаратты іздеуді жүзеге асыру. 2. Жердің топырақ-мелиорациялық жағдайларын ескере отырып, суару (құрғату) технологиясын және оларға сәйкес машиналар мен жабдықтарды іріктеуді орындау. 3. Су көздерінің гидрологиялық және гидрометриялық деректерін ескере отырып, суармалы алқаптарды суару және құрғату режимдерін (кестелерін) әзірлеу. 4. Гидромелиорациялық нысандардың жұмыс істеуінің техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеру. 5. Есептік, техникалық, нормативтік және өкімдік құжаттаманы ресімдеу.
		Білімі: 1. Суару және құрғату жүйелері, суармалы жерлердің топырақ және гидрогеологиялық жағдайлары бойынша нормативтік-техникалық құжаттамасы. 2. Егістіктерді суаруға және құрғатуға арналған машиналар мен жабдықтардың сандық және сапалық құрамы. 3. Су көздерінің гидрологиялық және гидрометриялық режимі. 4. Еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары, өрт және экологиялық қауіпсіздік талаптары. 5. Есептік, техникалық, нормативтік және әкімшілік құжаттаманы дайындау тәртібі.

1-еңбек функциясы: Гидромелиорациялық жүйелерін пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы алқаптарын суару (кұрғату) бойынша жұмыстарды жүргізу.	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Гидромелиорациялық жүйелердің нысандары бойынша жұмыс топтарын ұйымдастыру.	Машық:
		1. Жұмыс түрлеріне сәйкес біліктілігі бар жұмысшыларды таңдау. 2. Еңбек ресурстарын, механикаландыру құралдарын, жұмыс көлемі мен мерзімдерін анықтай отырып, жұмыстарды орындаудың тармақтық кестесін жасау. 3. Жұмысшылар тобының нақты міндеттерін және олардың жұмыс тәртібін анықтау. 4. Еңбек қауіпсіздігі шараларын сақтай отырып, тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.
		Білімі: 1. Қазақстан Республикасының су заңнамасы. 2. Жерді суаруды (кұрғатуды) ұйымдастыру жөніндегі қызметті регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілер, нұсқаулықтар мен әдістемелік материалдары. 3. Жерді суару (кұрғату) жөніндегі жұмыстарды жүргізу технологиясы. 4. Ішкі еңбек тәртібі және еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі қағидалары. 5. Орындалатын жұмыс түрлері бойынша машиналар мен жабдықтарды іріктеудің негізгі өлшемдері. 6. Гидромелиорациялық нысандарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу жөніндегі нормативтік және техникалық құжаттама.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды: Суару және құрғату процестерін басқару.	Машық:
		1. Белгіленген талаптарды, қолданыстағы нормаларды, қағидалар мен стандарттарды сақтай отырып, жұмыс барысын бақылау. 2. Суармалы егістіктердің су-ауа режимінің сақталуын ескере отырып, орындалған жұмыстардың көлемі мен сапасының есебін жүргізу. 3. Жұмыс топтарының іс-шаралар жоспарына түзетулер енгізу және сәйкесінше адамдар мен техниканы қайта орналастыру. 4. Бекітілген нысандар бойынша техникалық құжаттаманы, сондай-ақ белгіленген есептілікті ресімдеу.
		Білімі: 1. Суландыру және жерді құрғату мәселелері бойынша әдістемелік ұсыныстар мен материалдары. 2. Әзірленген және қолданылатын техникалық құралдардың, материалдардың және олардың

		қасиеттерінің жұмыс қағидаттары, техникалық сипаттамалары, конструктивтік ерекшеліктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Су ресурстарын тиімді пайдалану және жердің мелиорациялық жағдайын бағалау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.	1-дағды: Суды және жерді пайдаланудың ұтымды әдістерін, сондай-ақ сәйкес технологияларды іздеу және қолдану.	Машық:
		1. Қажетті ақпаратты іздеу үшін интернет технологиясын пайдалану. 2. Суды және жерді ұтымды пайдалану мәселелерін қарастыру, талдау және шешім қабылдау. 3. Өндіріс процесін жақсартуға ықпал ететін басқарушылық шешімдер қабылдау.
		Білімі: 1. Заманауи есептеу техникасы, байланыс және коммуникация құралдарының техникалық және технологиялық мүмкіндіктері. 2. Техникалық есептеулерді жүргізу және зерттеу және тәжірибелік жұмыстардың экономикалық тиімділігін анықтау әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Жердің мелиорациялық жағдайын және суды тиімді пайдалануды бағалау.	Машық:
		1. Жер және су ресурстарының мелиорациялық жағдайына мониторинг жүргізу жоспарларын жасау. 2. Жердің мелиорациялық жағдайын және суару суын пайдалану параметрлерін анықтау бойынша жеке құрамға өндірістік тапсырмалар беру және олардың орындалуын бақылау. 3. Жер және су ресурстарының мелиорациялық жағдайын бағалау әдістерін қолдану. 4. Есепті, техникалық, нормативтік және әкімшілік құжаттарды дайындау. 5. Су және жер ресурстарын ұтымды пайдалануға талдау жүргізу.
		Білімі: 1. Жер және су ресурстарының мелиорациялық жағдайын бақылауға арналған нормативтік-техникалық құжаттамасы. 2. Жер және су ресурстарының мелиорациялық жағдайын бағалау әдістері. 3. Су және жер ресурстарын экологиялық бағалау және тіршілік қауіпсіздігі қағидалары мен нормалары. 4. Су және жер ресурстарының сапалық жағдайын бағалау өлшемшарттары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машық:

3-еңбек функциясы: Гидромелиорациялық жүйелердің сақталуын қамтамасыз ету және табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу.	1-дағды: Мелиорациялық жүйелердің сапалы жұмыс істеуі мен заманауи технологияларды қолданудың жоспарын (бағдарламасын) әзірлеу.	1. Суару жүйелерін жетілдіру жоспарларын (жобаларын) әзірлеу үшін қажетті ақпарат көздерін анықтау, іздеу және талдау. 2. Суармалы және құрғатылған жерлерде жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастырудың заманауи әдістерін қолдану. 3. Қоршаған ортаны қорғау шараларын жүргізу және олардың сапасын бағалау әдістерін қолдану. 4. Жұмысты орындауға қажетті материалдар шығынын, құралдарды, жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді таңдау.
		Білімі: 1. Қоршаған ортаны қорғау шараларын жүргізуге арналған нормативтік және техникалық құжаттамасы. 2. Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. 3. Шығын материалдары, аспаптар, жабдықтар, машиналар мен механизмдердің сандық және сапалық құрамы. 4. Суармалы және құрғатылған жерлердегі жұмыстарды жоспарлау мен ұйымдастырудың заманауи әдістерінің әдістемесі.
		Дағдыны тану мүмкіндігі : Ұсынылмайды
	2-дағды: Жұмысты басқару және жоспарланған жұмыстардың орындалу барысын бақылау.	Машық: 1. Гидромелиоративтік жұмыстарды жүргізу кезінде сапаны басқару әдістерін қолдану. 2. Орындалған жұмыстардың көлемі мен сапасының есебін жүргізу. 3. Шығармашылық бастаманы, жаңашылдықты, өнертапқыштықты дамытуға, ғылым мен техника жетістіктерін енгізуге ықпал ету. 4. Жұмысшылардың ғылыми-техникалық білімін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру.
		Білім: 1. Қазақстан Республикасының еңбек саласындағы және қоршаған ортаны қорғау шаралары кезіндегі қызметті регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілері. 2. Жерді қайта өңдеу нормативтік-техникалық материалдары мен әдістері. 3. Жұмыс өндірісін басқарудағы сапа менеджменті жүйесінің негіздері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі:	-	
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы
	7	Бас гидротехник

"Инженер-жобалаушы" кәсібінің картасы			
Топ коды:	2164-1		
Кәсіп атауының коды:	2164-1-001		
Кәсіптің атауы:	Инженер-жобалаушы		
СБШ біліктілік деңгейі:	6		
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (нормативтік құқықтық актлердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 тіркелген). 9-параграф. Инженер-жобалаушы.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, магистратура)	Мамандық: Сәулет және құрылыс	Біліктілік:
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	-		
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Күрделі құрылыс нысандарының жобалық және жұмыс құжаттамасын әзірлеу		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Күрделі құрылыс нысандарының құрылыс конструкциялары мен негіздерін есептеуді орындау. 2. Күрделі құрылыс нысандарына жобалық және жұмыс құжаттамасын әзірлеу. 3. Құрылыс нысандарының ақпараттық моделінің технологияларын қалыптастыру және жүргізу.	
	Қосымша жұмыс функциялары:	-	
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
1-еңбек функциясы:	1-дағды: Жобаланатын күрделі құрылыс нысанының есептеулерін орындау үшін аймақтың климаттық ерекшеліктерін талдау және құжаттау, жүктемелер мен әсерлерді жинау.	Машық:	
		1. Күрделі құрылыс жобаларын жобалау үшін қажетті мәліметтерді жинау, өңдеу және құрастыру тәртібін анықтау. 2. Күрделі құрылыс жобаларына қатысты жобалық құжаттаманың сәйкес бөлімін әзірлеу кезінде есептеулерді орындау үшін бағдарламалық-техникалық құралдарда есептеу әдістерін таңдау.	
		Білімі:	
		1. Кәсіби құрылыс терминологиясы. 2. Құрылыстағы стандарттау және техникалық реттеу жүйесі. 3. Күрделі құрылыс нысандарын жобалауға арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілері және техникалық реттеу жүйесінің нормативтік құжаттарының талаптары.	

Күрделі құрылыс нысандарының құрылыс конструкциялары мен негіздерін есептеуді орындау.	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Ғимараттар мен құрылысжайлардың құрылымдық жүйесін қалыптастыру, ғимараттар мен құрылысжайлардың жобалық сызбасын құру, есептеу бағдарламалық кешенінде есептеулерді орындау.	Машық:
		1. Күрделі құрылыс жобаларына қатысты жобалық құжаттаманың сәйкес бөлімін әзірлеу кезінде есептеулерді орындау үшін бағдарламалық-техникалық құралдарда есептеу әдістерін таңдау. 2. Нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне және қала құрылысы қызметіндегі техникалық реттеу жүйесінің құжаттарына сәйкес темірбетон конструкцияларының тізбесі мен есептеу әдістерін анықтау.
		Білімі:
		1. Күрделі құрылыс нысандарын есептерін орындауға арналған кәсіби компьютерлік бағдарламалық және техникалық құралдарда жұмыс істеу түрлері мен ережелері. 2. Темірбетон, металл, тас және ағаш конструкцияларды есептеу ережелері мен әдістері. 3. Конструкцияның механикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін металл және темірбетон конструкцияларын коррозиядан және от әсерінен қорғауға қойылатын талаптар. 4. Күрделі құрылыс нысандары конструкцияларының қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін қосымша, жергілікті және ішкі кернеулердің ықтимал теріс әсерін азайту жөніндегі ұсынылатын іс-шаралар тізбесі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды: Тіреу конструкциясы элементтерінің көтергіш қабілетін есептеу, рәсімдеу және тексеру және ҚОАМТ беру үшін бастапқы деректерді дайындау.	Машық:
		1. Күрделі құрылыс нысандарының бүкіл өмірлік циклі кезеңінде мамандандырылған міндеттерді шешуде ақпараттық модельдеу технологияларын қолдану. 2. Құрылыс нысандарында ақпараттық модельдеу технологияларын (бұдан әрі – ҚНАМТ) деректерімен алмасу үшін реттелетін файл пішімдерін пайдалану.
		Білімі:
		1. Өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылысжайлардың есептерін рәсімдеу қағидалары. 2. ҚНАМТ-ны қалыптастыру және жүргізу кезінде пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың функционалдық мүмкіндіктері. 3. Жобалау процестерін ұтымды және қауіпсіз ұйымдастыруға қойылатын талаптары.

	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Күрделі құрылыс нысандарына жобалық және жұмыс құжаттамасын әзірлеу.	1-дағды: Жобалық жұмыстық құжаттаманың мәтіндік және графикалық бөліктерін әзірлеу және шығаруға дайындау және жұмыс құжаттамасын әзірлеу үшін бастапқы деректерді дайындау.	Машық:
		1. Күрделі құрылыс жобаларының жобалық/егжей-тегжейлі құжаттамасын шығаруға дайындау. 2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен құжаттардың талаптарына сәйкес жобалау/жұмыс құжаттамасын әзірлеу және ресімдеу әдістері мен алгоритмін таңдау. 3. Темірбетон конструкциялары элементтерінің біріктіру мен түйістіру, түйінді біріктірулерін жобалау алгоритмі және әдістерін таңдау.
		Білімі:
		1. Кәсіби құрылыс терминологиясы, құрылыстағы нормативтік құжаттар жүйесі, соның ішінде, күрделі құрылыс нысандарының жобалық/жұмыс құжаттамасы мәтіндік және графикалық бөліктерді орындау және әзірлеу стандарттары. 2. Күрделі құрылыс нысандарының жобалық құжаттама сызбаларын орындау үшін автоматтандырылған жобалау жүйесінде (бұдан әрі – АЖЖ) қолдану ережелері және жобалаудағы шартты белгілер жүйесі. 3. ҚНАМТ қалыптастыру және жүргізу кезінде қолданылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың функционалдық мүмкіндіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
		Машық:
		1. Күрделі құрылыс нысандарына жобалық құжаттаманың мәтіндік бөлігін дайындау үшін бағдарламалық-техникалық құралдарда жұмыс істеу әдістері мен алгоритмдерін таңдау. 2. Күрделі құрылыс нысандарының жобалау құжаттамасының сызбаларын орындау үшін АЖЖ жұмыс істеу әдістері мен алгоритмдерін таңдау. 3. ҚНАМТ деректерін графикалық және кестелік түрде көрсету және басқа мамандар жасаған ҚНАМТ деректерін қарау және алу. 4. Күрделі құрылыс жобалары бойынша жобалық құжаттаманың мәтіндік және графикалық бөліктерін әзірлеу кезінде бірыңғай ҚОАМТ-дан қажетті мәліметтерді талдау және таңдау.
		Білімі:
		1. Мамандандырылған бағдарламалық-техникалық құралдарда темірбетон конструкцияларының элементтерінің түйіндік қосылыстарын, түйіспелерін және жалғауларын жобалау әдістері мен ережелері.

	жобалық/жұмыстық құжаттамаға өзгерістер енгізу.	2. Жобалау құжаттамасының құрамында темірбетон конструкциялары элементтерінің ведомостарын жасау және ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптары. 3. Жобалық құжаттаманың сараптамасынан өткеннен кейін жобалық құжаттаманың мәтіндік және графикалық бөліктеріне өзгерістер енгізу және бастапқы деректерді дайындау ережелері мен тәртібі. 4. Бірегей деп жіктелген күрделі құрылыс нысандарының жобалау құжаттамасын шығаруға дайындау ережелері мен тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
3-еңбек функциясы : Құрылыс нысанының ақпараттық моделінің технологияларын қалыптастыру және жүргізу.	1-дағды: Бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдаланатын , архитектуралық-құрылыстық жобалау сатысында ҚНАМТ - ны қалыптастыру және жүргізу үшін бастапқы мәліметтерді жинау және геометрия мен ақпараттың егжей-тегжейлі деңгейіне байланысты ҚНАМТ-да құрылыс өнімдерінің негізгі түйіндік байланыстарын жобалау.	Машық: 1. ҚНАМТ қалыптастыру үшін қажетті бастапқы деректер тізімін анықтау. 2. ҚНАМТ қалыптастыру және жүргізу кезінде қолданылатын бағдарламалық және аппараттық құралдарда жұмыс істеу алгоритмі мен әдістерін анықтау. 3. Геометрия мен ақпараттың егжей-тегжейлі болу деңгейіне байланысты ҚНАМТ-да темірбетонды құрылымдардың негізгі түйіндік байланыстарын жобалаудың алгоритмі мен әдістерін таңдау.
		Білімі: 1. Кәсіби құрылыс терминологиясы және цифрлық модельдеу терминологиясы және құрылыстағы стандарттау және техникалық реттеу жүйесі, ҚНАМТ құрылыс нормалары мен практикалық ережелері. 2. Күрделі құрылыс нысандарының жобалау құжаттамасын әзірлеу және ресімдеу үшін сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және техникалық реттеу жүйесінің құжаттарының талаптары. 3. ҚНАМТ құру және қызмет көрсету кезінде қолданылатын бағдарламалық және аппараттық құралдардың функционалдық мүмкіндіктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: ҚНАМТ құрамдастары туралы деректерді	Машық: 1. ҚНАМТ құрамдастары туралы деректерді ҚНАМТ құру және қолдау процесінің басқа қатысушыларына беру алгоритмін таңдау. 2. ҚНАМТ негізіндегі техникалық құжаттаманы құрастыру әдісі мен басып шығару және шығару тәртібін таңдау. 3. Күрделі құрылыс жобасының өмірлік циклі сатысында арнайы есептерді шешу кезінде ақпараттық модельдеу технологияларын қолдану.

	ҚНАМТ қалыптастыру және қолдау процесіне басқа қатысушыларға беру, сондай-ақ ҚНАМТ негізінде техникалық құжаттаманы жобалау, жариялау және шығару.		Білім: 1. ҚНАМТ негізіндегі техникалық құжаттаманы жобалау, басып шығару және шығару құралдары. 2. ҚНАМТ деректерін беру форматтары (оның ішінде ашық) және ҚНАМТ жалпы деректері мен егжей-тегжейлі деңгейлері ортасында ҚНАМТ бойынша ұжымдық жұмыс қағидаттары. 3. Күрделі құрылыс жобасының өмірлік циклі сатысында техникалық құжаттаманың құрамы мен ресімделуіне қойылатын негізгі талаптары. 4. ҚНАМТ компоненттерін құру әдістері және ақпараттық модельдеудің (өзіндік пәні шеңберінде) мақсаттары, міндеттері, қағидаттары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі : 		Ұсынылмайды	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі:	"Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №32783 тіркелген).			
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы		
	7	Жобаның бас инженері		
	8	Жоба құрылысының басшысы (басқарушысы)		
"Жұмыс өндірісі шебері (прораб)" кәсібінің картасы				
Топ коды:	1323-0			
Кәсіп атауының коды:	1323-0-025			
Кәсіптің атауы:	Жұмыс өндірісі шебері (прораб)			
СБШ біліктілік деңгейі:	6			
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 тіркелген). 42-параграф. Жұмыс өндірісі шебері (прораб)			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандығы:	Біліктілігі:	
	Білім деңгейі: жоғары білім			
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-			
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	2132-9-002 Инженер-мелиоратор			
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Гидромелиоративті жүйелердің нысандарын жөндеу, қайта қалпына келтіру, салу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.			
		1. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.		

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	2. Жобалау құжаттамасына, өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес құрылыс-монтажда жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру. 3. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеу және сапасын бақылау.
	Қосымша жұмыс функциялары:	-
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
	1-дағды: Гидромелиорация жүйелерін салу, реконструкциялау және жөндеу учаскесін дайындау.	Машық: 1. Учаскенің өндірістік-шаруашылық қызметіне басшылықты жүзеге асыру. 2. Нысандарды белгіленген мерзімде пайдалануға беру және жұмыстарды жүргізу жобаларын сақтай отырып, барлық сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын орындау бойынша өндірістік тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз ету. 3. Жобалау құжаттамасына, құрылыс нормаларына, техникалық шарттарға және өзге де нормативтік құжаттарға сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру. 4. Учаскеде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізудің технологиялық реттілігін сақтауды қамтамасыз ету. 5. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпті аймақтардың шекараларын айқындау. 6. Жергілікті жердің рекогносцировкасы, реконструкциялау нысандарын зерттеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. 7. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпті аймақтардың шекараларын айқындау. 8. Құрылыс, реконструкция және жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу учаскесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың тізбесін айқындау. 9. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу және реконструкциялау кезінде алаңшiлік дайындық жұмыстарын жүргізу. 10. Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан ұжымдық және (немесе) жеке қорғау құралдарының тізбесін айқындау. Бiлiмi: 1. Учаскенің (нысанның) өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты су ресурстары саласындағы нормативтік құқықтық актілері.

		2. Құрылыс өндірісін ұйымдастыру және технологиясы, жобалау-сметалық құжаттамасы. 3. Құрылыс алаңының құрамы мен орналасу тәртібін анықтайтын техникалық құжаттардың талаптары. 4. Жұмыстарды жүргізуге қажетті құрылыс алаңын технологиялық жабдықтаудың түрлері мен техникалық сипаттамалары (сатылар, тіректер, қорғаныс құралдары, шұңқырлар мен траншеялардың қабырғаларын бекіту және т.б.). 5. Жұмыстарды жүргізу кезіндегі негізгі зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлар. 6. Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құжаттардың талаптары.
1-еңбек функциясы:	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу бойынша дайындық жұмыстарын ұйымдастыру.	2-дағды: Құрылыс, реконструкциялау және жөндеу бойынша жұмыстар жүргізуді материалдық-техникалық және еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету.	Машық: 1. Жұмыстарды механикаландыру деңгейін арттыру, жаңа техниканы енгізу, еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру, құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының құнын төмендету, материалдарды үнемді жұмсау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. 2. Еңбектің озық әдістері мен әдістерін тарату бойынша жұмыс жүргізу. 3. Нысандардың құрылысына техникалық құжаттама алуды қамтамасыз ету. 4. Құрылыс машиналарына, көлікке, механикаландыру құралдарына, материалдарға, конструкцияларға, бөлшектерге, құрал-саймандарға, мүкәммалға өтінімдер жасау және оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. 5. Орындалған жұмыстардың есебін жүргізу, техникалық құжаттаманы ресімдеу. 6. Гидромелиорациялық жүйелерді салу және реконструкциялау бойынша жұмыстардың өндірістік тапсырмалар және күнтізбелік жоспарлардың көлемдерінің еңбек және материалдық-техникалық ресурстарға қойылатын нормативтік талаптарға сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру. 7. Материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын құжаттамалық есепке алуды жүзеге асыру. 8. Материалдық-техникалық ресурстарды жеткізу, сақтау және сапасына бақылау жүргізу. 9. Жұмыстарды жүргізу кезінде орындалатын құрылыс процестерінің технологиялық реттілігін анықтау. 10. Құрылыс машиналарына, көлікке, механикаландыру құралдарына, материалдарға,

		конструкцияларға, бөлшектерге, құрал-саймандарға, мүкәммалға және өзге де материалдық-техникалық ресурстарға өтінімдерді құжаттамалық ресімдеуді жүзеге асыру.
		Білімі: 1. Мердігер ұйымның тапсырыс берушілер және қосалқы мердігерлермен шаруашылық және қаржылық өзара қарым-қатынастарының тәртібі. 2. Құрылыс ұйымын өндірістік-технологиялық жинақтау және диспетчерлеу жүйесі. 3. Жұмыстарды жүргізу кезінде материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілікке қойылатын нормативтік талаптар. 4. Негізгі құрылыс материалдары, бұйымдар мен конструкцияларының түрлері мен қасиеттері, оларды тасымалдау, жинақтау және сақтау ережелері. 5. Жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылатын негізгі құрылыс жабдықтары, құралдары, құрылыс машиналары, энергетикалық қондырғылар, көлік құралдарының және басқа да техниканың түрлері мен сипаттамалары, оларды ұстау және пайдалану ережелері. 6. Материалдық құндылықтарды есепке алу және сақтау бойынша есепті құжаттаманы жасау тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машық: 1. Тапсырыс берушілерге құрылыспен аяқталған нысандарды, пайдалануға берілетін нысандар бойынша жұмыстардың жекелеген кезеңдері мен кешендерін тапсыруға қатысу. 2. Қосалқы мердігерлік (мамандандырылған) ұйымдар үшін жұмыс көлемін дайындау және орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысу. 3. Күзет аймақтарында жұмыс жүргізу құқығына рұқсаттарды ресімдеу. 4. Құрылыс жұмыстарын орындау кезеңдері бойынша өндірістік тапсырмаларды жоспарлау. 5. Құрылыс жұмыстарын жүргізудің күнтізбелік жоспарлары мен кестелерінің орындалуын әзірлеу, бақылау. 6. Қолда бар материалдық-техникалық ресурстарға, мердігерлік ұйымдардың мамандануына, бригадалардың, буындардың және жекелеген қызметкерлердің мамандануы мен біліктілігіне сәйкес құрылыс жұмыстары мен өндірістік тапсырмалардың түрлері мен күрделілігін айқындау, көлемін есептеу. 7. Жоба элементтерін жер бедеріне, сондай-ақ байланыстыру кезінде гидромелиорациялық

Еңбек функциясы 2: Жобалау құжаттамасына және де нормативтік құжаттарға сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру.	1-дағды: Өндірістік тапсырмаларды бөлу, жоспарлау және бақылау.	жүйелер нысандарының орналасу схемасына байланыстыруды жүргізу. 8. Жұмыстарды жүргізу кезінде қолда бар геодезиялық бөлу схемасын түзету, геодезиялық бөлу жұмыстарының дәлдігін орындау және бақылау әдістемесін, монтаждық бағдарларды салу және бекіту қағидаларын әзірлеу.
		Білімі: 1. Экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері. 2. Еңбек заңнамасы, ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары. 3. Жұмыстарды жүргізу кезінде геодезиялық бақылау және атқарушы геодезиялық түсіру әдістері. 4. Құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға қойылатын техникалық құжаттардың талаптары. 5. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарында құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлау әдістері. 6. Тапсырыс берушілер және мердігерлік ұйымдармен шаруашылық және қаржылық қатынастарды жүзеге асыру тәртібі. 7. Нысандағы жұмыстар өндірісінің құрамы мен сапасына қойылатын техникалық және жобалау құжаттамасының талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
		Машық: 1. Жұмыскерлердің қорғану құралдарын, технологиялық жарақтарды (сатылар тіреуіштер, қорғаныш құрылғылар, қазаншұңқырлар мен траншеялардың қабырғаларын бекітулер, тіреуіштер, кондукторлар және өзге де құрылғылар), құрылыс машиналары, энергетикалық қондырғылар, көлік құралдары қолдануды қамтамасыз ету. 2. Жұмыс орындарында, өту жолдарында және кірме жолдарда ауырлықтарды тасымалдау нормаларының, тазалық пен тәртіптің сақталуын, кран астындағы жолдардың дұрыс ұсталуы мен пайдаланылуын, жұмыс орындарының қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз етілуін қадағалау. 3. Еңбек ресурстарын ұтымды бөлуді жүзеге асыру, өндірістік тапсырмаларды тұжырымдау, құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде өндірістік тапсырмалардың орындалуын норма бақылау. 4. Құрылыс бойынша жұмыстар жүргізуді құжаттамалық сүйемелдеуді жүзеге асыру.

	2-дағды: Гидромелиорациялық жүйелердің нысандарының құрылысы бойынша жұмыстар жүргізуді қамтамасыз ету.	5. Құрылыс бойынша жұмыс құжаттамасының нәтижелерінің нормативтік техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін анықтау. 6. Қабылдау комиссиясына құрылысы бойынша орындалған жұмыстарды және (немесе) жұмыс кезеңдерін тапсыруды жүзеге асыру. 7. Ауытқу себептерін анықтау, орындалған жұмыс нәтижелерінің нормативтік, технологиялық және жобалық құжаттама талаптарынан ауытқу себептерінің алдын алу және жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу. Білімі: 1. Жұмыс жүргізу учаскесінің жұмыскерлерінің саны мен кәсіптік біліктілігіне қойылатын нормативтік талаптары. 2. Атқарушылық және қабылдау-тапсыру құжаттамасын ресімдеу қағидалары. 3. Жұмыс өндірісіндегі еңбек ұжымдарын басқарудың негізгі қағидаттары мен әдістері. 4. Орындалған жұмыс нәтижелеріндегі кемшіліктерді, ақауларды және басқа да кемшіліктерді анықтау және жедел жою әдістері мен құралдары. 5. Аяқталған жұмыстарды қабылдау-беру тәртібіне заңнаманың талаптары. 6. Жұмыс өндірісінің озық технологияларын енгізу әдістері. 7. Жұмыстарды жүргізу кезінде жеткізілетін материалдық-техникалық ресурстардың сапасы мен көлемін визуалды және аспаптық бақылау әдістері. 8. Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптардың орындалуын бақылау жөніндегі құжаттаманы жүргізу қағидалары. 9. Участкедегі (нысандағы) өндірістік-шаруашылық қызметтің нысандары мен әдістері. 10. Орындалатын жұмыстарға, еңбекақы төлеу жөніндегі әдістемелік және өзге де материалдық нормалары мен бағалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
		Машық: 1. Жұмыскерлердің өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын қамтамасыз ету. 2. Рационализаторларға көмек көрсету. 3. Жұмысшылардың біліктілігін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастыру. 4. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу жөніндегі жұмыстарды жүргізуде құжаттамалық сүйемелдеуді жүзеге асыру.

Еңбек функциясы 3:

Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстардың сапасын ұйымдастырушылық-техникалық сүйемелдеу және бақылау.

1-дағды:

Гидромелиорациялық жүйелер нысандары салу құрылысының күнтізбелік кестесін іске асыру.

Дағдыны тану мүмкіндігі :

2-дағды:

Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың нәтижелерін қабылдау және тапсыру, сапасын бақылау.

5. Жұмыстарды жүргізу кезінде қолда бар материалдық-техникалық ресурстарға, қосалқы мердігерлік ұйымның мамандануына сәйкес жұмыстардың түрлері мен күрделілігін айқындау, жұмыстар мен өндірістік тапсырмалардың көлемін есептеу.

6. Жұмыс барысында қажетті материалдық-техникалық ресурстарды, жеткізуді жоспарлау, бөлу және жұмсалуды бақылау.

Білімі:

1. Құрылыс нормалары, құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуге және қабылдауға арналған техникалық шарттары.

2. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу кезінде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптары.

3. Құрылыс-жөндеу және іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру актісін ресімдеу қағидалары.

4. Құрылыс ұйымының тапсырыс берушімен және мердігер ұйымдармен жұмыс жүргізу кезіндегі шаруашылық және қаржылық қатынастарының тәртібі.

5. Жұмыс өндірісіндегі еңбек ұжымдарын басқарудың негізгі қағидаттары мен әдістері.

6. Жұмыс өндірісінде құрылыс өндірісін жедел басқару әдістері мен тәсілдері.

Ұсынылмайды

Машық:

1. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салуға және реконструкциялауға арналған шарттың талаптарын сақтау.

2. Құрылыс-жөндеу жұмыстары нәтижелерінің нормативтік техникалық және жобалау құжаттамасының талаптарынан ауытқу себептерін белгілеу. 3. Жұмыстарды жүргізу кезінде сапаны бақылау іс-шаралар мен жұмыстарға құжаттамалық сүйемелдеуді жүзеге асыру.

4. Жұмыстарды жүргізу кезінде технологиялық процестердің сақталуын аспаптық бақылау құралдары мен әдістерін қолдану.

5. Кезеңдері мен түрлері аяқталған жұмыстарды қабылдап алу бақылауының іс-шаралары мен жұмыстарын құжаттамалық сүйемелдеу.

6. Құрылыс-монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстарының көлемі бойынша шеберлерге өндірістік тапсырмаларды белгілеу және олардың орындалуын бақылау.

7. Жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері бойынша жұмысшыларға тікелей жұмыс орнында нұсқау беру.

		Білімі:	
		1. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарын салу саласындағы техникалық реттеу заңнамасының талаптары. 2. Аяқталған жұмыстарды және/немесе орындалған жұмыстардың кезеңдерін қабылдау-тапсырудың тәртібі мен құжаттамалық ресімделу талаптары. 3. Жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыстарды және сапаны бақылау іс-шараларын жүзеге асыру қағидалары. 4. Жұмыстарды жүргізу кезінде атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізу қағидалары. 5. Құрылыс өндірісі саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі:	-		
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы:	
	7	Бас гидротехник	
"Су шаруашылығы саласының ғылыми қызметкері" кәсібінің картасы			
Топ коды:	1329-4		
Кәсіп атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы атауы:	Су шаруашылығы саласының ғылыми қызметкері		
СБШ біліктілік деңгейі:	7		
БТБА, КС, типтік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22003 тіркелген). 5-параграф. Ғылыми қызметкер		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ЖОО-нан кейінгі білім (магистратура)	Мамандық: Су шаруашылығы	Біліктілік:
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-		
Кәсіптің басқа да мүмкін атаулары:	-		
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Гидротехникалық мелиорация тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу.		
	Міндетті еңбек функциялары:	1. Ғылыми (ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаны іске асыру шеңберінде ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу. 2. Ғылыми (ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаларды іске асыру шеңберінде ғылыми-зерттеу және (немесе) әзірлемелерді ұйымдастыру.	

Еңбек функцияларының тізбесі:		3. Орындаушылар ұжымының кәсіптік және кәсіпаралық өзара әрекет етуімен ғылыми бағдарламаларды, оның ішінде негізгі ғылыми-техникалық мамандық шеңберінен шығатын бағдарламаларды орындау.
	Қосымша жұмыс функциялары:	-
Еңбек функцияларының сипаттамасы		
1-еңбек функциясы: Ғ ы л ы м и ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаны іске асыру шеңберінде ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу.	1-дағды: Зерттеу міндеттерін шешу аясында жеке тапсырмаларды орындау.	Машық: 1. Тақырыптың жеке бөлімдері (кезеңдері, тапсырмалары) бойынша ғылыми зерттеулер және әзірлемелер жүргізу, оның ішінде күрделі тәжірибелер мен бақылауларды жүзеге асыру. 2. Ғылыми-техникалық мәліметтерді, оның ішінде алдыңғы қатарлы отандық және шетел тәжірибесін, бақылаулар мен тәжірибелердің әртүрлі нәтижелерін жинау, өңдеу, талдау, қорытындылау. 3. Зерттеулер мен әзірлемелердің жоспарлары мен әдістемелік бағдарламаларын құрастыруға, олардың нәтижелерін пайдалану жөніндегі практикалық ұсынымдарды жасауға қатысу.
		Білімі: 1. Өткізілетін зерттеулер мен әзірлемелердің мақсаттары мен міндеттері. 2. Осы зерттеулер және өңдеулер туралы отандық және шетелдік мәліметтер. 3. Зерттеулер мен әзірлемелерді жоспарлау мен ұйымдастырудың, эксперименттер мен бақылаулар жүргізудің, ақпаратты қорыту мен өңдеудің заманауи әдістері мен құралдары.
	(Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	2-дағды: Ғ ы л ы м и ғылыми-техникалық) (нәтижелерді практикалық пайдалану жолдарын анықтау.	Машық: 1. Практикалық маңызы бар ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді анықтау. 2. Авторлық куәліктер, патенттер, инновациялық патенттер алу үшін ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді ұсыну. 3. Ғылыми-техникалық өнімнің әлеуетті тұтынушыларын анықтау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу. 4. Мелиорациялық жүйені жетілдіру үшін технологиялар трансфертін пайдалану. 5. Кәсіптік қызметте отандық және шетелдік ғылыми зерттеу жарияланымдарын пайдалану. Білімі: 1. Зияткерлік меншік құқығының негіздері. 2. Рецензияланатын ғылыми басылымдардағы ғылыми жарияланымдарды ресімдеуге қойылатын талаптар.

		3. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді отандық және шетелдік деректер қорларында және есеп жүйесінде көрсетуге қойылатын талаптар. 4. Маркетингтік зерттеулер жүргізу әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі : :	Ұсынылмайды
2-еңбек функциясы: Ғ ы л ы м и (ғылыми-техникалық, инновациялық) жобаларды іске асыру шеңберінде зерттеулерді және (немесе) әзірлемелерді ұйымдастыру.	1-дағды: Өзара байланысты зерттеу мәселелерінің кешенін шешу.	Машық: 1. Зерттеудің мақсаттарын тұжырымдау және оны жүзеге асыру процесін жоспарлау. 2. Зерттеу мәселелерінің шешімдерін талдау, синтездеу және оңтайландыруды жүргізу. 3. Практикалық маңызы бар ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді анықтау. 4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны дайындауды қамтамасыз ету.
		Білімі: 1. Зерттеулерді және (немесе) әзірлемелерді жоспарлау және ұйымдастыру әдістері мен құралдары. 2. Жүргізіліп жатқан зерттеулер және (немесе) әзірлемелер тақырыбы бойынша ғылыми мәселелер, озық, бірегей әзірлемелер. 3. Зерттеу жүргізуге арналған жабдықтардың, аспаптардың және құралдардың тізімі мен құрамы. 4. Ғылыми зерттеулердегі стандарттау мен метрологияға қойылатын негізгі талаптар.
		Дағдыны тану мүмкіндігі : :
	2-дағды: Зерттеу мәселелерін шешу үшін ғылыми ұжымды қалыптастыру және орналастыру.	Машық: 1. Зерттеу мақсатына сәйкес орындаушылардың шығармашылық қабілеттерін тану. 2. Зерттеу мәселелерін шешу үшін ғылыми топ қалыптастыру. 3. Зерттеу жүргізу процесін жоспарлау. 4. Ұжымдық ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. 5. Орындаушыларға зерттеу жұмыстарын жүргізу міндеттерін белгілеу.
		Білімі: 1. Ғылым және технологиялық саясат саласындағы заңнама. 2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидалары. 3. Жүргізілген зерттеулер және (немесе) әзірлемелер тақырыптамасы бойынша зерттеушілік міндеттер нәтижелері.
		Дағдыны тану мүмкіндігі : :

	3-дағды: Ғ ы л ы м и (ғылыми-техникалық) нәтижелерді сараптау.	Машық:
		1. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді бағалаудың негізгі өлшемшарттарын анықтау. 2. Нақты тақырып бойынша зерттеулердің даму перспективаларын талдау және бағалау.
		Білімі: 1. Ғылыми мамандану саласындағы ғылыми сұраныстары. 2. Сараптама жүргізу және қорытынды жасау үшін нормативтік-әдістемелік құжаттар талаптары. 3. Ғылым және технологиялық саясат саласындағы заңнама.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
3-еңбек функциясы: Орындаушылар ұжымының кәсіптік және кәсіпаралық өзара әрекет етуімен ғылыми бағдарламаларды, оның ішінде негізгі	1-дағды: Ғ ы л ы м и (ғылыми-техникалық) бағдарламаларды іске асыру кезінде орындаушылар ұжымдарының зерттеулерін жүргізу.	Машық:
		1. Теориялық және әдістемелік талдау жүргізу. 2. Зерттеудің міндеттерін тұжырымдау және жұмылдырылатын орындаушылар ұжымдарының қатысуымен оны жүзеге асыру процесін жоспарлау. 3. Зерттеу мәселелерінің шешімдерін талдау, синтездеу және оңтайландыруды жүргізу. 4. Практикалық маңызы бар ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді анықтау.
		Білімі: 1. Ғылыми зерттеулерді және (немесе) әзірлемелерді жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу және енгізудің соңғы әдістері, құралдары мен тәжірибесі. 2. Заманауи ғылымның өзекті мәселелері және сабақтас салалардағы озық, бірегей жетістіктер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	2-дағды: Ғылыми ұжымдарды қалыптастыру және ғылыми кадрлармен жұмыс.	Машық:
		1. Жеке ғалымдардың және (немесе) орындаушылар ұжымдарының ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерін бағалау. 2. Зерттеу бағдарламасының бағыттары бойынша зерттеушілер топтарын құру. 3. Технологиялар трансфертін жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүзеге асыру. 4. Жоғары білікті ғылыми кадрлардың кәсіптік дамуын бағалау.
		Білімі: 1. Ғылым мен технологиялық саясат саласындағы заңнама. 2. Еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі қағидалары. 3. Зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын зерттеушілер және (немесе) ұйымдар туралы мәліметтер.

ғылыми-техникалық мамандық шеңберінен шығатын бағдарламаларды орындау.	4. Заманауи ғылымның өзекті проблемалары, сондай-ақ сабақтас салалардағы озық, бірегей жетістіктері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	3-дағды: Ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу, сараптау және зерттеу нәтижелерін ендіру.	Машық:
		1. Өнімдерді (тауарларды), қызметтерді және (немесе) технологияларды жасау кезінде ғылыми (ғылыми-техникалық, инновациялық) жобалардың нәтижелерін пайдалану жолдарын табу. 2. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелердің мемлекеттен, бизнестен және қоғамнан түскен зерттеу сұраныстарына сәйкестігін бағалау. 3. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді ғылыми және оқу процесіне және өндіріске енгізу жолдарын анықтау. 4. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелерді қолдану аясын анықтау. 5. Жаңа және перспективалық ғылыми бағыттардағы соңғы жетістіктерге сараптамалық бағалау жүргізу. 6. Ғылыми (ғылыми-техникалық) нәтижелердің әлеуетті тұтынушыларын анықтау.
		Білімі:
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	1. Ғылыми мамандану шеңберіндегі зерттеу сұраныстары. 2. Ғылыми мамандану және сабақтас салалардағы озық, бірегей әзірлемелері. 3. Зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды басқару негіздері. 4. Жаңа және (немесе) перспективалық ғылыми бағыттардағы соңғы жетістіктері.
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізімі:	-	
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс	СБШ деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	8	Кәсіпорын директоры (бастық, басқарушы).
"Бас гидротехник" кәсібінің картасы		
Топ коды:	1329-4	
Кәсіп атауының коды:	1329-4-002	
Кәсіптің атауы:	Бас гидротехник	
СБШ біліктілік деңгейі:	7	
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-	
	Мамандық:	

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ЖОО-дан кейінгі (магистратура)	Су шаруашылығы. Су ресурстары және суды пайдалану.	Біліктілік:
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	-		
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Гидромелиорациялық жүйелерді жарамды күйде пайдалануды қамтамасыз ету, гидромелиорациялық жүйелерді салу, реконструкциялау және жөндеу және су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Гидромелиорациялық жүйелерді ақаусыз күйде пайдалануды ұйымдастыру. 2. Гидромелиорациялық жүйелерді салу, реконструкциялау және жөндеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру. 3. Гидромелиорациялық жүйелерде су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру.	
	Қосымша жұмыс функциялары:	-	
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
	1-дағды: Гидромелиорациялық жүйелерді зерттеу және мониторингілеу.	Машық:	
		1. Қажетті бақылау-өлшеу аспаптары мен құралдарын пайдалануды бақылау. 2. Нақты бақылаулардың статистикалық ақпаратына талдау жасау. 3. Гидромелиорациялық жүйелердің жай-күйін бақылау деректері бойынша қорытынды жасау. 4. Өз жұмысын және бағыныштылардың жұмысын жоспарлау.	
		Білімі:	
		1. Гидромелиорациялық жүйелердің конструкциялары мен жұмыс қағидаттары. 2. Бақылау-өлшеу аспаптары және оларды орнату қағидаттары. 3. Нақты бақылау деректерін өңдеу әдістері. 4. Гидромелиорациялық жүйелердің қауіпсіздік өлшемшарттарын бағалау түрлері мен әдістері. 5. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрттен қорғау, өндірістік санитария және қоршаған ортаны қорғау қағидалары мен нормалары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды	
		Машық:	
		1. Гидромелиорациялық жүйелерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарының көлемі мен түрлерін анықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.	

1-еңбек функциясы: Гидромелиорациялық жүйелерді жарамды жай-күйде пайдалануды ұйымдастыру.	2-дағды: Пайдаланылатын гидромелиорациялық нысандарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу.	2. Қажетті материалдарға, мамандандырылған машиналар мен жабдықтарға қажеттілікті анықтау. 3. Пайдаланылатын гидромелиорациялық нысандарға техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру. 4. Пайдаланылатын гидромелиорациялық нысандарға қызмет көрсету бойынша есептік және техникалық құжаттаманы құрастыру. Білімі: 1. Гидромелиорациялық жүйелердің конструкциясы. 2. Жөндеу-пайдалану жұмыстарын жүргізу технологиясы. 3. Жөндеу-пайдалану жұмыстарын жүргізуге арналған материалдар тізбесі. 4. Жөндеу-пайдалану жұмыстарының сапасына қойылатын талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
	3-дағды: Пайдалану нысандарын техникалық жетілдіру.	Машық: 1. Құрастырылған түгендеу құжаттары мен гидромелиорациялық нысандардың паспорттарын бақылауды жүргізу. 2. Кәсіпорынның өндірістік қуаттарының теңгерімін құрастыру. 3. Пайдалануды жетілдіру үшін инвестициялардың техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу. 4. Жаңа материалдар мен жабдықтарды пайдалана отырып, құрылыс, реконструкциялау және жөндеуде жаңа технологияларды қолдану. Білімі: 1. Гидромелиорациялық нысандарды түгендеу және паспорттауды жүргізу тәртібін реттейтін нормативтік құжаттардың талаптары. 2. Нұсқалық өңдеу әдістері мен су-теңгерімдік есептеулер. 3. Жаңа материалдар мен жабдықтарды пайдалана отырып, құрылыс, реконструкция және жөндеудегі жаңа технологиялар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машық: 1. Гидромелиорациялық жүйелерді салу және реконструкциялау бойынша дайындалған жобалардың сапасын бақылау. 2. Дайындық кезеңіндегі жұмыстардың құрамы мен көлемін анықтау жұмыстарын жүргізу. 3. Күнтізбелік кестелерді дайындау және түзетуді ұйымдастыру.

Еңбек функциясы 2:
Гидромелиорациялық
жүйелерді салу,
реконструкциялау және
жөндеу жөніндегі
жұмыстарды
ұйымдастыру.

1-дағды:
Учаскелі
гидромелиорациялық
нысандар салуға, қайта
құруға және жөндеуге
дайындау.

Дағдыны тану мүмкіндігі
:

2-дағды:
Гидромелиоратив-тік
жүйелерді салу,
реконструкциялау және

4. Ұйымдастырушылық-технологиялық
құжаттамаларды (құрылыс пен өндірісті
ұйымдастыру жобалары) әзірлеу және түзету.

Білімі:

1. Құрылыс өндірісін ұйымдастыру бойынша
нормативтік техникалық құжаттардың талаптары.
2. Кешенді және мамандандырылған бөлімшелер
мен бригадалардағы жұмысшылардың еңбегін
ұйымдастыру қағидаттары.
3. Материалдарға, машиналар мен механизмдерге,
еңбек және энергетикалық ресурстарға қажеттілік
нормаларын есептеу әдістері.
4. Құрылыс өндірісін күнтізбелік жоспарлау және
жедел басқару.
5. Құрылыс алаңын ұйымдастыру (уақытша жолдар,
нысан маңындағы қоймалар, машиналар мен
механизмдерді сақтау орындары, құрылыс алаңын
сумен, электрмен, жылумен қамтамасыз ету және
т.б.).
6. Негізгі құрылыс материалдарының, бұйымдары
мен конструкцияларының түрлері мен
ерекшеліктері.
7. Құрылыс машиналары, энергетика құрылғыларын
тасымалдау көлік құралдарының түрлері мен
сипаттамалары.
8. Әртүрлі материалдар мен жинақтаушы
бұйымдарды тасымалдау, жинау және сақтау
қағидалары.
9. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өртке
қарсы қорғаныс, өндірістік санитария және
қоршаған ортаны қорғау қағидалары мен нормалары
.

Ұсынылмайды

Машық:

1. Еңбек нормаларын есептеу.
2. Жұмыс түрлерін, қолданылатын машиналар мен
механизмдерді анықтау, олардың көлемі мен
мөлшерін есептеу.
3. Гидромелиорациялық жүйелердің құрылысы,
реконструкциялау және жөндеу жұмыстарының
күнтізбелік жоспарлары мен кестелерінің
орындалуын бақылау.
4. Жұмыс технологиясының
ұйымдық-технологиялық құжаттамаға (жұмыс
жобасы, технологиялық карталар, еңбек процесінің
карталары және т.б.) сәйкестігін анықтау, сондай-ақ
ақаулар мен ауытқуларды жою.
5. Жұмысты орындау кезінде атқарушылық
құжаттаманы жүргізу (жұмыс өндірісінің
журналдары, жұмыс уақытын есепке алу табельдері,
орындалған жұмыстар актісі және т.б.).

	жөндеу кезіндегі өндірісті басқару.	Білімі: 1. Гидромелиорациялық жүйелер нысандарда жалпы құрылыс және арнайы жұмыстарды жүргізу технологиялары. 2. Гидромелиорациялық жүйелер учаскелерінде жұмыстар көлемін анықтау әдістері. 3. Гидромелиорациялық жүйелерді салуға, жөндеуге және реконструкциялауға арналған нормативтік құжаттарға, жобалау және жұмыс құжаттарына қойылатын талаптар. 4. Атқару және есептік құжаттарды жүргізу қағидалары мен түрлері. 5. Ішкі еңбек тәртібі қағидалары, оның ішінде лауазымдық нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
3-еңбек функциясы: Гидромелиорациялық жүйелерде су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыру.	1-дағды: Гидромелиорациялық жүйелердің пайдаланылу сапасын бақылау.	Машық: 1. Пайдалану жұмыстарының сапасын визуалды және аспаптық бақылауды жүзеге асыру. 2. Құрылыс материалдары мен жабдықтарының сапасына кіріс бақылаудан алынған мәліметтердің ілеспе, нормативтік құжаттарға және жобалық құжаттамаға сәйкестігін талдау бойынша жұмысты ұйымдастыру. 3. Жұмыс жүргізу технологиясының ұйымдастыру-технологиялық құжаттамада көзделген сапаны операциялық бақылау схемалардың сақталуын бақылау. 4. Жұмыс сапасын бақылау нәтижелерін құжаттамалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру (жұмыс сапасына кіріс және жедел бақылау журналдары).
		Білімі: 1. Жұмыстың құрамы мен орындалу сапасына нормативтік техникалық және жобалық құжаттамалар талаптары. 2. Сапаны аспаптық бақылау әдістері мен құралдары. 3. Операциялық сапаны бақылау схемалары. 4. Құрылыс жұмыстарын қабылдау бойынша қолданыстағы нормативтермен көзделген құрылыс сапасын бақылау нәтижелерін құжаттау қағидалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
		Машық: 1. Ауыл шаруашылығы дақылдарының су тұтыну есебін орындау. 2. Суару жүйелерінде су пайдалану жоспарларын және құрғатылған жерлердің су режимін реттеу

	2-дағды: Мелиорациялық жүйелерде су ресурстарын ұтымды пайдалануды бақылау.	жоспарларын есептеудің қажетті әдістерін пайдалану. 3. Су ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалау және талдау. 4. Қызметкерлер мен сабақтас бөлімшелердің жұмысын үйлестіру.	
		Білімі: 1. Мелиорациялық жүйелерде су бөлу нормалары. 2. Судың бастапқы есепке алу қағидалары. 3. Суару және құрғату режимдері. 4. Су режимін реттеу тәсілдері мен іс-шаралары. 5. Есептік құжаттаманы ресімдеу тәртібі. 6. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қорғаныс, өндірістік санитария және қоршаған ортаны қорғау қағидалары мен нормалары. .	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі:	-		
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы:	
	8	Директор (бастық, басқарушы).	
"Кәсіпорын директоры (бастық, басқарушы)" кәсібінің картасы			
Топ коды:	1210-0		
Кәсіп атауының коды:	1210-0-028		
Кәсіптің атауы:	Кәсіпорын директоры (бастығы, басқарушысы) 1210-0-024-Ұйым директоры (бастығы, басқарушысы) (ізвестіру, конструкторлық, жобалау) 1210-0-042-Ғылыми-зерттеу институтының директоры (бастығы, басқарушысы))		
СБШ біліктілік деңгейі:	8		
БТБА, КС, стандартты біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22003 тіркелген). 91-параграф. Ұйымның директоры (Бас директор, Атқарушы директор, Президент, Басқарма төрағасы, Басқарушы)		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: Жоғары білім (бакалавриат, магистратура)	Мамандық: Су шаруашылығы, Су ресурстары және суды пайдалану	Біліктілік:
	Білім деңгейі: Жоғары білімнен кейінгі білім (PhD докторантура, PhD докторы ғылыми дәрежесі, бейіні бойынша	Мамандық: Су шаруашылығы,	Біліктілік:

	PhD докторы дәрежесі, ғылым кандидаты, ғылым докторы)	Су ресурстары және суды пайдалану	
Информалды және информалды емес білім берумен байланысы:	-		
Кәсіптің басқа мүмкін атаулары:	1210-0-002 – Бас директор		
Іс-әрекеттің негізгі мақсаты:	Кәсіпорынның табысты жұмыс істеуі және тұрақты дамуы үшін қазіргі заманғы басқару әдістерін қолдана отырып, кәсіпорынды басқару.		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Кәсіпорынның даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыруды ұйымдастыру. 2. Ресурстарды тиімді пайдалануды бақылау және үйлестіру. 3. Кәсіпорынның бизнес-процестеріне басшылық жасау.	
	Қосымша жұмыс функциялары:	-	
Еңбек функцияларының сипаттамасы			
1-еңбек функциясы: Кәсіпорынның даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыруды ұйымдастыру.	1-дағды: Ұйымдық құрылымды анықтау және ресурстарды бөлу.	Машық:	
		1. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындау. 2. Барлық құрылымдық бөлімшелердің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру, олардың қызметін нарықтық жағдайдағы өзгерістерге жылдам ден қоятын, тауарлар мен қызметтерді икемді және ұтқыр өндіруді дамыту мен жетілдіруге бағыттау. 3. Ұйым жұмысының тиімділігі мен пайдасын арттыруды қамтамасыз ету. 4. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіптік білімдері мен тәжірибесін тиімді пайдалану мен дамыту, адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайларын жасау, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын сақтау, ұжымда қолайлы психологиялық орта қалыптастыру бойынша шаралар қабылдау. 5. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің үйлесуін, өндірістік және өзге мәселелерді талқылау мен шешуді, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді қамтамасыз ету.	
		Білімі:	
		1. Су шаруашылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері. 2. Ұйымның өндірістік қызметінің және саланың ерекшеліктері. 3. Елдегі және шетелдегі саяси, құқықтық, әлеуметтік-мәдени, экономикалық, технологиялық жағдайдың даму заңдылығы.	

		4. Сыртқы орта тарапынан ұйым үшін мүмкіндіктер мен қауіптерді айқындаудың және бағалаудың қағидаттары, әдістері, технологиялары мен құралдары. 5. Ұйымның күшті және әлсіз жақтарын талдау қағидаттары, әдістері, технологиялары, құралдары. 6. Бәсекелестердің бәсекелестік артықшылықтарын және стратегияларын бағалау әдістері, технологиялары, құралдары. 7. Ұйымның өндірістік, қаржылық, маркетингтік, инновациялық қызметін талдау әдістерін, технологиялары мен құралдары.
2-енбек функциясы: Ресурстарды тиімді пайдалануды бақылау мен үйлестіруді ұйымдастыру.	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұснылмайды
		Машық: 1. Қабылданатын шешімдердің орындалуын, ұйым теңгеріміндегі мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерін қамтамасыз ету. 2. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру, сондай-ақ олардың қызметін бағалауды жүргізу. 3. Ұйым жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету және жұмыс нәтижелерін талдау. 4. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың біліктілік деңгейін арттыру, олардың қызмет нәтижелерін бағалау жөніндегі шараларды қабылдау. 5. Басқарудың экономикалық және әкімшілік әдістерінің үйлесуін, өндірістік және өзге мәселелерді талқылау мен шешуді, өндірістің тиімділігін арттыруды материалдық және моральдық көтермелеуді қамтамасыз ету. 6. Кәсіпорынның жұмысын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, енгізілген өзгерістерді мониторингтеуді жүзеге асыру.
	2-дағды Кәсіпорын қызметінің мүмкіндіктері мен тәуекелдерін бағалауды, артықшылықтарын талдауды жүргізу.	Білімі: 1. Ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін, мемлекеттік органдардың заңнамалық актілері және өзге де нормативтік құқықтық актілері. 2. Ұйымның қызметіне қатысы бар өзге де органдардың әдістемелік және басқа да материалдары. 3. Ұйымның бейіні, мамандануы және құрылымының ерекшелігі. 4. Ұйымның өндірістік қуаты мен кадр ресурстары. 5. Салық заңнамасы. 6. Ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметінің бизнес-жоспарларын жасау және келісу тәртібі.

	7. Ұйым шаруашылығын жүргізу және басқарудың заманауи әдістері. 8. Стратегиялық жоспарлау, нарықтың сыртқы және ішкі (өзінің секторы және онымен өзара байланыс) конъюнктурасын, бәсекелестер, өнім берушілер мен тұтынушыларды білу. 9. Озық шетелдік және отандық тәжірибе саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері. 10. Шаруашылық және қаржылық шарттар жасау және оларды орындау тәртібі. 11. Салалық келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеу және жасасу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәртібі. 12. Ұйымның экономикасы мен қаржысын басқару, өндіріс пен еңбектің ұйымдастырылуы. 13. Еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібінің тәртібін, өрт қауіпсіздігінің талаптары.
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұснылмайды
	Машық: 1. Ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржылық-шаруашылық қызметіне заңнамаға сәйкес басшылық жасау. 2. Қабылданатын шешімдердің орындалу, ұйым теңгеріміндегі мүлікті сақтау және толық пайдаланылу, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық-шаруашылық нәтижелерін қамтамасыз ету. 3. Өзге ұйымдармен немесе заңды тұлғалармен шарттар, келісімшарттар, операциялар жасау, өкімдер мен бұйрықтар шығару және іскерлік кездесулерде ұйымның атынан өкілдік ету. 4. Ұйымның мемлекеттік бюджет, жинақтаушы зейнетақы қорлары және сақтандыру қорлары, өнім берушілер, тапсырыс берушілер және банк мекемелерін қоса алғанда, кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттарының) және индикативті жоспар мен бизнес-жоспарлардағы көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету. 5. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шарттарды әзірлеу, жасау және орындау, еңбек және өндіріс тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету, жұмыскерлердің еңбекке ынталылығын, бастамасын және белсенділігін дамытуға ықпал ету. 6. Кәсіпорынның қаржылық-экономикалық және өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты мәселелерді оған заңнама бойынша берілген құқықтар шегінде шешу, өзге лауазымды адамдарға – директорлардың орынбасарларына, кәсіпорынның өндірістік бірліктері мен филиалдарының, сондай-ақ

3-еңбек функциясы: Кәсіпорынның бизнес-процестерін басшылыққа алу.	1-дағды: Кәсіпорынның жұмысын тиімді басқаруды жүзеге асыру.	функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің басшыларына қызметтің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсыру. Білімі: 1. Ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін, мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері және актілері. 2. Ұйымның қызметіне қатысы бар өзге де органдардың әдістемелік және нормативтік материалдары. 3. Ұйымның бейіні, ерекшелігі және құрылымының ерекшелігі. 4. Ұйымның өндірістік қуаты мен кадр резервтері. 5. Ұйым өнімін өндіру технологиясы. 6. Салық заңнамасы. 7. Ұйымның өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметінің бизнес-жоспарларының жасалуын және келісу тәртібі. 8. Ұйым шаруашылығын жүргізу және басқарудың заманауи әдістері. 9. Стратегиялық жоспарлау, нарық - сыртқы және ішкі (өзінің секторы және онымен өзара байланыс) конъюнктурасын, бәсекелестерін, өнім берушілері мен тұтынушылары. 10. Озық шетелдік және отандық тәжірибе саласындағы ғылыми-техникалық жетістіктері. 11. Тиісті қызмет түрінің тәжірибесі және үздік ұқсас ұйымдардың қызмет тәжірибесі. 12. Шаруашылық және қаржылық шарттар жасау және оларды орындау тәртібі. 13. Салалық келісімдерді, ұжымдық шарттарды әзірлеу мен жасасу және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәртібі. 14. Ұйымның экономикасы мен қаржысын басқару, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырылуы. 15. Еңбек заңнамасы, өндірістік санитария, еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен ішкі еңбек тәртібі, өрт қауіпсіздігінің талаптары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
		Машық:
		1. Басқарушылық қызметке талдау жүргізу. 2. Басқарушы деңгейдегі команданың пікірін ескере отырып, ымыраға келу және өз ұстанымын қорғау. 3. Жоспарларды, жобаларды, қызмет нәтижелерін, жағдайды, жекелеген рәсімдердің тиімділігін бағалау.

	2-дағды: Басқарудың жоғарғы звеносы менеджерлері командасының қызметін үйлестіру.	4. Кәсіпорынды және оның командасын дамыту бөлігінде директорлар кеңесімен келіссөздер жүргізу. 5. Кәсіпорынның пайда, инвестиция тарту және рентабельділік, айналым сияқты тиімділік көрсеткіштері бойынша басқарудың жоғарғы деңгейдегі менеджерлері командасының қызметін бағалау.
		Білімі:
		1. Өртүрлі топтарды басқаруға қатысу әдістері мен технологиялары. 2. Ұйымды қолдаудың ықтимал әдістері бойынша сыртқы мүдделі тараптар топтарын әзірлеу және келісу тәртібі. 3. Ұйымға сыртқы топтардан келетін жағымсыз әсерлерді азайту әдістері мен технологиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылмайды
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар тізбесі:	-	
СБШ ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс	СБШ деңгейі	Кәсіптің атауы
	8	Бас директор

4-тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

9. Мемлекеттік органның атауы: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі, Дидар Жәнібекұлы, +7 (777) 429 16 26, d.zhanibekuly@minsu.gov.kz.

10. Кәсіптік стандартты әзірлеумен және жаңартумен айналысатын ұйымдар (кәсіпорындар): Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университеті және "Агроөнеркәсіптік бірлестіктер кешені" консорциумы.

Орындаушылар:

Мәлібеков А.Қ., 87759000230, malibek_a@mail.ru

Шотан С.И., 87013763718, shotanov@inbox.ru

Нұрмағанбетов Д.Ш. 87770449955, demessin.nur@mail.ru

Мұсабеков Қ.Қ., 87070052428, musabekov55@mail.ru

Жолдасов С.Қ., 87074276801, арнур_68@mail.ru

11. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі жанындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 2024 жылғы 24 қазандағы №4 хаттамасы.

12. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 2025 жылғы 9 қаңтардағы қорытындысы.

13. "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы: 2024 жылғы 18-қыркүйектегі № 12298/20 сараптамалық қорытынды хаты.

14. 2-нұсқа нөмірі, шығарылған жылы: 2025 жыл.

15. Болжамды қайта қарау мерзімі: 31 желтоқсан 2028 жылы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК